

## Дәріс №10. Сөзжасамды оқыту әдістемесі

### Жоспар:

1. Сөзжасамды оқыту
2. Сөзжасамды оқытуда қолданылатын жалпы дидактикалық және арнаулы принциптер
3. Сөзжасамды оқытуда орындалатын жатығулар

**Тірек сөздер:** сөзжасам, туынды сөз, әдіс-тәсіл.

Орта мектепте сөздердің жасалуын оқытудың танымдық әрі практикалық маңызы зор. Сөздердің жасалуымен танысу, біріншіден, сөз құрылымының дамуы мен сөздердің жасалуы белгілі бір заңдылыққа бағынатынын көрсету болса, екіншіден, тілдің әр түрлі деңгейінде бірліктердің арасындағы өзара байланыстылықты көрсету, бір жағынан сөз жасау деңгейі, екінші жағынан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлер; үшіншіден, тілдің грамматикалық құрылысын тереңірек білуге жағдай жасайды. Өйткені қазақ тілінде грамматикалық мағыналарды білдірудің аса маңызды тәсілдері жалғаулар мен сөз түрлендіретін жұрнақтар болады.

Сөзжасам бойынша жұмыстар жүргізу орфографияны білуге, орфографиялық дағдыларды қалыптастыруға негіз болады. Өйткені орфографиялық принциптердің ішінде негізгісі морфологиялық принцип болса, түбір сөздің жазылуы барлық жерде де бастапқы қалпын сақтайды.

Сөзжасамды оқытуда жалпы дидактикалық және арнаулы принциптерге сүйену қажет.

Сөз жасауды зерттеудің негізі анализ және синтез әдісі. 1) Жаттығу кезінде морфемалық талдау мен сөз жасаушылық талдауды өзара салыстыру; 2) Сөз құрылысын оқытуда сөздердің жасалу тәсілдерін анықтау керек, керісінше сөздердің жасалу жолдарын оқытқанда, олардың құрылымын анықтау қажет. Нәтижесінде оқушыларда өзін-өзі байқау дағдылары қалыптасады.

Сөзжасамға арналған жаттығулар біріншіден, сөз жасау ұғымдары туралы білімдерін бекіту үшін, екіншіден, сөзді құрамына талдауға және сөз жасамға талдауға дағдыландыру арқылы орфографиялық дағдыларды қалыптастыру үшін жүргізіледі.

Сөзжасамды оқытудың жеке әдістемелік қағидалары: құрылымдық-сөзжасамдық, лексика-сөзжасамдық, уәждемелік.

### Сұрақтар:

1. Сөз жасауды зерттеудің негізі анализ және синтез әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
2. Сөзжасамды оқытуда орындалатын тиімді әдістерін көрсетіңіз.

### **Әдебиеттер:**

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2007, 326б.
2. Жанпеисова М. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы; Мектеп, 2005.-160б.
3. Оразбаева Б. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі.-Алматы, 2000.